



Тұсаукесер күні

by Гулжайна Байжума



Дананың тұсаукесер тойына дайындық қызу жүріп жатты. Үй іші думанға толы, барлығы қуанышты. Әжесі мерекеге арнап тәтті бауырсақтар пісіріп жатыр, ал атасы ала жіпті дайындап жатты.



Дананың әкесі оған жаңа киімдерін кигізіп, шашын тарады. Дана өзін ханшайым сияқты сезініп, айнаға қарап күліп қойды. Бүгін оның ең бақытты күні болатынын сезді.



Тойға қонақтар жиналды. Әжесі Дананы ала жіптің жанына алып келді. Бұл Дананың болашақта жолын ашып, бақытты болуына арналған салт-дәстүр еді.



Сыйлы қонақ Дананың тұсауын кесті. Ол Данаға жақсы тілектер айтып, батасын берді. Дана алғашқы қадамдарын жасап, қуаныштан күлді.



Дана ала жіптің бойымен жүгіріп,
ойыншықтарға, кітаптарға, ақшаға және
басқа да заттарға жетті. Әр зат оның
болашақтағы қызығушылықтарын білдірді.



Той соңында Дана отбасымен бірге бауырсақ жеп, ән айтты. Ол бүгінгі керемет күн үшін ризашылығын білдіріп, әжесі мен атасына құшақ жая тағы да қуанды.